


МАШИНОСТРОЕНИЕ Январь – Июнь 2023 г.



1865 МЛРД ТГ.



113,3 % ИФО




- Производство компьютеров, электронного и оптического оборудования
- Производство электрического оборудования
- Производство машин и оборудования, не включенных в другие группировки
- Производство автомобилей, прицепов и полуприцепов
- Производство прочих транспортных средств
- Ремонт и установка машин и оборудования

\$1708,7 МЛН



ЭКСПОРТ



РЫНОК


\$10 588,0 МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-май 2023 г.

ОБЪЕМ ПРОИЗВОДСТВА В РАЗРЕЗЕ РЕГИОНОВ ЗА ЯНВАРЬ-ИЮНЬ 2023 Г., МЛРД ТЕНГЕ



2023 жылғы қаңтар-шілдеде ҚР тау-кен металлургия (ТМК) саласындағы өндіріс көлемі 6,9 трлн теңгені құрады, бұл, құндық көріністе 2022 жылғы осы кезеңнен 8,3% төмен. Металлургия өнеркәсібі құрылымында негізгі үлесті **түсті металлургия** құрайды – 3,3 трлн теңге, **қара металлургия** өндірісі 1,5 трлн теңгені құрады. Металл кенін өндіруде негізгі үлесті **түсті кен өндіру** құрайды – 1,8 трлн теңге және қалған бөлігі **темір кенін өндіру** құрайды – 0,3 трлн теңге.

«Металл кенін өндіру» ФКИ 2023 жылғы қаңтар-шілдеде 99,5% құрады. Сонымен бірге, **«темір кенін өндіру» ФКИ** 84,9% құрады. Сектордағы теріс динамика темір кенін өндірудің төмендеуі (81,4%) есебінен қалыптасты. **«Түсті металл кенін өндіру» ФКИ** 102,0% құрады.

Өндірістің өсуі негізгі түсті металл кенін өндірудің өсуіне байланысты: мыс-мырыш (111,9%); мыс (109,2%), алтыннан тұратын (107,2%).

«Металлургия» ФКИ 2023 жылғы қаңтар-шілдеде теріс мәнді көрсетті – 95,0%. **Түсті металлургия ФКИ** төмендеуі (94,9%) алюминий оксиді (97,8%); өңделмеген тазартылған мыс (81,7%); өңделмеген тазартылған қорғасын (87,2%); өңделмеген мырыш (94,6%) өндірісінің төмендеуіне байланысты.

Қара металлургияның ФКИ қолданбалы шойын (85,5%); ферроқорытпа (92,4%), жазық прокат (95,5%) өндірісінің төмендеуі есебінен 95,1% құрады.

Әр түрлі диаметрлі құбырлар (147,7%), тазартылмаған болат (112,6%) өндірісінің лғаюы байқалады.

2023 жылғы қаңтар-маусымда **металлургия өнімі экспорты** 6,4 млрд АҚШ долл. құрап, 16,1% төмендеді, соның ішінде, қара металлургия – 2,2 млрд АҚШ долл., түсті металлургия – 4,1 млрд АҚШ долл.

Экспорт көлемінің өткен жылғы көрсеткішіне қатысты қара металлургия 18,1%, түсті металлургия 15,0% төмендеді.

Металлургия өнімі **экспортының құндық құрылымында** құн бойынша негізгі көлемді мыс (24%), ферроқорытпа (19%) және уран (19%) құрайды. Металлургия өнеркәсібі экспортының төмендеуі

мыс, ферроқорытпа және жазық прокат экспорты экспорттың құндық көлемінің төмендеуі есебінен қамтамасыз етілді.

2023 жылғы қаңтар-маусымда Қытай (27,4%), Ресей (25,9%), Түркия (10,4%) және Біріккен корольдік (5,2%) ҚР металлургия өнімдерін өткізудің негізгі нарықтары болды.

2023 жылғы қаңтар-маусымда **металлургия өнімі импортының** көлемі өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 2,2% өсті және 1,8 млрд АҚШ долл. құрады, соның ішінде, қара

металлургия – 1,54 млрд АҚШ долл., түсті металлургия – 0,29 млрд АҚШ долл. Металлургия өнеркәсібі импортының өсуі дәнекерленген және жіксіз құбырлар, жазық прокат, сондай-ақ, рельстер импортының құндық көлемін арттыру есебінен қамтамасыз етілді.

Металлургия өнімі **импортының құндық құрылымында 2023 жылғы қаңтар-маусымда** дәнекерленген құбырлар (19%), жіксіз құбырлар (15%), жазық прокат (12,6%) және шыбықтар(12,6%) басым.

ҚР-да *2023 жылғы қаңтар-маусымда* Ресей (75,4%), Қытай (9,3%), Италия (3,2%) және Өзбекстан (1,7%) металлургия өнімін негізгі жеткізушілер болып табылады.

2023 жылғы қаңтар-маусымда ҚР-да металлургия өнеркәсібінің нарық көлемі 6,1 млрд АҚШ долл. құрады, онда, ОТӨ үлесі 69,8%, импорт өнім үлесі 30,2%.

Сала 3 өңірде жоғары аумақтық шоғырланумен ерекшеленеді: Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарында. ҚР металлургия өндірісі құрылымында Қарағанды облысының үлесі 20,7%, ШҚО – 18,2% және Павлодар облысы – 14,3% құрайды.